

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 қарашадағы N 1196 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Гарвард университетінің Халықаралық даму орталығы "Макроэкономикалық саясатты талдау және Қазақстан Республикасының индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясының мақсаттарын ескере отырып, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу" тақырыбына арналған зерттеу жүргізу бойынша сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар қызметтерді беруші болып белгіленсін.

2. "Маркетингтік-талдамалық зерттеулер орталығы" акционерлік қоғамына:

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

2) осы қаулыға сәйкес зерттеу жүргізу бойынша қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 21-бабының 3, 4-тармақтарын орындауды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі